

Ел иесі, жер киесі, пірдің соңы – бекет ата

Л.Т. Джумалиева,

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің «Тарих және философия» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ақтау қаласы.

Маңғыстау... Осы бір қасиетті мекенді білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Өйткені – Маңғыстау 360 әулие орын тепкен өлке.

Шақпақ-ата, Қараман-ата, Сисем-ата, Қаңға-баба, Кенті-баба, Темір-баба, Бекет-ата, Мыңкісі әулие қиналғанда демейтін, құлағанда қолтығыңнан сүйейтін Маңғыстау халқының сыйынғанда аузына алдымен түсетін әулиелер. Соның ішінде ел иесі, жер киесі, ұлысқа ұран болған, пірдің соңы Бекет ата. Бекет ата адайдың ғана емес, мұсылмандықты ту еткен алаштың Пірі.

Бекет атаға табыну – ислам дінін мойындау, ал дінді мойындау – оның негізін салушы Мұхаммед пайғамбарды, дүниенің әміршісі, ұлы күш Алла Тағаланы тану болып табылады. Бекет ата хақында бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені оның жаратылысы, болмысы ақиқатпен де, аңызбен де астасып жатқан түсініп болмас тұңғыық. Небір ғұлама ғалымдар, тарихшылар, дін иелері оның өмір жолына үңілген, табиғат дара еншілеген қасиет-киесін танып білуге талпынған [1].

Бекет ата ата-жұртымыздың Алтын дінгегі, Алып бәйтерегі, Асқар тауы. Ол ерен ерлігімен еленген ел қорғаны, сан алуан мешіттер салған мөрлі, сәулетші шебер, ұрпаққа білім нәрін сіңірген ұлағатты ұстаз, ауру-сырқауға дұғасы қонып, дауасы дарыған емші, болашақты бұлжытпай болжап, алдағыны айнытпай аңғарған, көрегендігімен ерекшеленген көріпкел әулие, кетіскенді келістіріп, шекіскенді бітістіріп, сөгілгенді үбістірген мәмілегер-дипломат.

Бекет ата дүниеге адам болып келгенімен, бүкіл іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы қарапайым пендемен еш шендеспеген, құдірет пен жаратушының өз әсер-ықпалы, ниетімен өмір кешкен кемеңгер-әулие. Оның әр қадамы, әр ісі, ой-пікірі жер бетіндегі адам баласын алалап қарамай, аражіктемей

бірдейлікке қарап бағалаған, қамқорлығы мен көмегін іркіп көрмеген. Құдірет киесінің, қасиетінің шапағаты да баршаға ортақ, тең. Оның әрбір сәттегі пікірі азаматтық, адамзаттық, гуманистік қайнардан тін тартып жататындығында.

Бекет атаның құдірет иесінің қарапайым адамдар арасындағы тендессіз жаратылған несібе-ырысы, алабөтен пенделігі де айтып жеткісіз ерекшелік. Ол деміккенді демеген, сүрінгенді сүйеген, пендеге тек жақсылық, ізгілік атаулыны мақсат етуге ниет арнаған. Оның Оғыландыдағы мазарына зиярат етуге, тәу етуге барған адам ауруынан айығып жатады. Ата туралы аңыздарға үңіліп, мән-маңыз беріп, тұшына зейін қойған адам оның ұрпаққа еткен өсиеттерінің өлшеусіздігін танып білер еді, табынар еді.

Бабамыз асыл азамат, абзал азамат ретінде елін шексіз сүйген. Пенденің баршасының парызы елін, жерін сүюі, құрметтеуі қадір тұтуы, әлсізге зарыққанға және сасқанға сая, сүйеу, демеу болуы. Кемтарға қамқор, көмек беруден қашпау – еншілі іс. Ұрпақтың білімді, ғылымды болуы – ортақ міндет. Бірлік, ұйымшылдық, әділеттік, имандылық атаулының үстем болуы әрқашан болашаққа ұмтылар қадамның кедергісіз өрісі. Қасиетті әулие бабаның бұл өсиеттері заман өзгерген сайын жаңарып, жаңа ауқым ала түсетіні хақ [2].

Бекет ата тәлім алған Хиуадағы «Шерғазы хан» медресесі сол кезде Орта Азиядағы Исламның суфизм ағымын тереңдетіп оқытқан бірден-бір білім ордасы болған. Ал атаның ұстазы Пақыржан Қажы Пір – сонау ҮІІІ-ІХ ғасырларда Зунун әл-Мысридан басталған, бер жағында Юсуф Хамадани, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи (ХІ ғ), сопы Аллаяр, Шейх- Күбірәлар (ХІІІ ғ) тағы басқаларын жалғастырған суфизм ілімін ілгері дамытушы, ірі ғұламалардың бірі. Ел аузындағы ескі әңгімелерде айтылатын Бекет атаның жеті балапанын ерткен ақ сары бас аққу болып ұшуы немесе адасқанды айқын жолға салатын ақ киік болып жортуы һәм аруағының бірде сарыүйек жылан, енді бірде қарашаққа айналуы – осының бәрі суфизмнің ең биік шыңдарын бағындырып, киелі кереметтерін меңгере білген кісінің ғана қолынан келетін нәрселер.

Сондай-ақ Бекет атаның Хиуа мен Бұхараға, Түркістан мен Сайрамға, Мекке мен Мәдинаға кез-келген уақытта ұшып бара алатын қабілетке ие болуын да осы қасиеттерінің қатарына жатқызуға болады. Бекет атаның Хиуаға оқуға бара жатып, сонау Жем өзенінің бойындағы Ақмешіттен арып-ашып, арнайылап келіп, әулиелерді сыңсыған кең байтақ Маңғыстаудың даласынан таңдап жүріп, күнгедейдегі Шопан-ата әулиеге түнеуі де тегін емес.

Себебі, Шопан атаның өзі – қазақ топырағындағы суфизмнің атасына айналған, Ысқақ бабтың жетінші ұрпағы, Арыстан бабаның шәкірті Құл Қожа Ахмет Ясауидің қолынан дәріс алған, кейінірек дін тарату мақсатымен көне Хазар теңізінің бойын жайлаған қалың елге келіп, жерленіп қалып қойған, аса білімдар, діндар кісі [3].

Тек Қазақстан Республикасының теңдікке қол жеткізуінің арқасында ғана Бекет ата сынды теңдессіз әулиенің ғұмырынан деректер жиналып, жария болуына жетіп отырғанымыз да уақыттың баршамызға жасаған үлкен сыйы. Бекет атаға қатысты аңыздар мен әфсаналардың баспа жүзін көруі 1990 жылдардан басталды. Әуелі газет беттерінде зерттеу материалдары жарияланса, кейіннен бірнеше кітаптар жарық көрді, кинофильмдер түсірілді. Ол туралы шығарылған поэмалар мен өлеңдер қаншама. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс одан әрі жалғаса беруі парыз және оны Бекет тану десек артық болмас.

Бекет атаның Оғыландыдағы мәңгілік орны, мешіт бүкіл мұсылман, тіпті басқа ұлт өкілдері тәу ететін, жолы түссе соқпай өтпейтін қасиетті жер. Оны уақыт талабына, замана үрдісіне сай қалыпта ұстау ортақ парыз, азаматтық міндет. Өйткен пенде біткен Бекет атадан тәубе тілейді, құдіретіне сыйынады, қасиетіне сүйенеді, көңіліне медет табады.

Ел тәуелсіздігі үшін басқыншы шапқыншыларға қарсы жорықтарға қатысып, ақыл-кеңес беріп, қол бастаған Бекет ата – жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан сәулетші [4].

Бекет атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбек-сүйгіштік, абыз-көріпкелділік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Халық Бекет ата өмірін, оның қысылғанға жар болған ерекше қасиет-қадірін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластырған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ұлыларын ұлағаттай алған. Маңғыстау газеті. 2000 жыл, 8 қыркүйек
2. Қосбармақ Р. Бекет ата. Алматы, 2000 жыл, 30-31бет.
3. Әзірханов Б. Пір ата. «Бекет ата» кітабынан. Алматы, 2008 жыл
4. «Маңғыстау» энциклопедиясы. Алматы, 1997 жыл

В статье сделана попытка раскрыть многогранность деятельности и учения Бекет ата, их роль и значение для потомков. Автор описывает положительные результаты в изучении и постижении его духовного наследия с получением независимости Казахстана, и предлагает внедрить особое исследовательское направление «Бекет тану» для более глубокого, всестороннего и системного анализа феномена великого предка.

There is an attempt to reveal Beket Ata's activity and teaching and its role and meaning for generation. The author describes the positive results in teaching and achievement his spiritual inheritance getting Kazakhstan independence, and offers to involve the research direction "Beket tany" for the deepest, closest and systematic analysis of great forefather's phenomena.

